

«Қарлығаш» бөбекжайы

04 - 05

*Педагогикалық кеңестің
хаттамалары және
олардың құжаттары*

Ленгір қаласы

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№1 хаттама Жаңа оқу жылы

Откізілген орны: "Қарлығаш" бебекжайы

Откізілген күні: 31.08. 2021 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 17 адам

Қатысқаны: 17 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Қатысқандар: Бебекжай менгерушісі Э.Д.Буркитбаева, әдіскер, музика жетекшісі, медбике, шаруа менгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Педкеңестің басталуы: 13.00.

Жұмыстың аяқталуы: 14.00.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 жылғы № 195 бүйрүгімен және 2021 – 2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстыру 2. 2021 -2022 жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.

3 .Бебекжайдағы топтардың жасына қарай оқу қызметінің кестесін, перспективалық жоспарды, өтпелі тақырыптарды, күн тәртібін, вариативтік компонентті және үлгілік оқу жоспарын бекіту.

4. Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы.

5. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаны құру сапасын талдау.

Қаулылармен таныстыру 15 минут. Жарыссе зге шығу 15 минут. Анықтама беру 15 минут.

Жалпы уақыт: 1 сағатта кеңес отырысын аяқтау

Сөйлемді: Педагогикалық кеңесті бебекжай менгерушісі Буркитбаева Эльмира Даuletқызы ашып беріп, педагогикалық қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша бебекжайдың әдіскери Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 жылғы № 195 бүйрүгімен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстырыды. № 195 бүйрүқтағы апталық, жылдық оқу жүктемелерімен, оқу қызметтерінің уақытымен, вариативтік бөлімге берілген оқу қызметтерімен таныстырып өтті. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде не туралы айттығаны, қандай бағыттар берілгені жайлы айттып, түсіндіру жұмысын жүргізді. Биылғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта осы модель бойынша жұмыс жүргізуіміз керектігі айттығанын, оқу қызметтерін ойнан түрінде және вариативтік бөлімге авторлық бағдарламалар дайындау

қажеттігін, сонымен қатар жаңа технологиялар қолдану арқылы оку қызметтерін өткізуге тапсырма берді.

Жарыссеңге шыққандар: тәрбиеші Суленова Айгүл оку қызметін ойын түрінде өтудің жолдары туралы сұрақ қойды.

Сөйледі: әдіскер Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, ойын түріндегі оку қызметтері туралы сұраққа жауап беріп, сабакты ойынмен бастап мотивация жасауға, жаңа тақырыпты түсіндіріп болған соң, ойын арқылы пысықтауға болатынын және тәрбиешіде міндетті түрде ойындар топтамалары болу керектігін айтты.

Тәрбиеші Оралбекова Зәуреш сөйлеп, вариативтік бөлім бойынша авторлық бағдарламалар жазуға, ізденуге ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжайдың Буркитбаева Эльмира Даuletқызы сөйлеп, бөбекжайдың 2021-2022 оку жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыруды. Жылдық жоспардың мақсат, міндеттерімен және атқарылатын оку тәрбие жұмыстарының мазмұнымен, ашық оку қызметтерінің, ертеңгіліктердің, баяндама, кеңестер, шебер сыныптардың тақырыптарымен таныстырып, айтып өтті. Биылғы оку жылында коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты сақтық шараларын сақтау бойынша кеңестер, онлайн оку қызметтерін өткізуге әдістемелік көмек ретінде шебер сыныптар тақырыптары қосылғанын айтты. Педагогтар танысып болған соң, бірауыздан бекітуге ұсыныс айтты.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі ушінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, балабақшадағы топтардың жасына қарай оку қызметінің кестесімен, перспективалық жоспармен, өтпелі тақырыптармен, күн тәртібімен, вариативтік компонентпен таныстырып, бекітуге ұсыныс айтты. Сонымен қатар апталық циклограмма жазу үлгісіне тоқталып, айтып өтті.

Жарыссеңге шыққандар: тәрбиеші Оразымбетова Диар сөйлеп, өтпелі тақырыптарға жергілікті мекенімізге, бала жастарына қарай қандай тақырыпты таңдауға болатынын туралы өз ойын айтып, ұсынды.

Тәрбиеші Суленова Айгүл сөйлеп, вариативтік компонентке «Халық педагогикасы - тәрбиенің қайнар көзі», «Куыршақ театры балабақшада», «Орыс тілін үйренейік», «Ойын ойды өсіреді», «Өнерлі саусақтар» оку қызметтерін алсақ және осы тақырыптарға авторлық бағдарламалар дайындасақ деген ұсыныс айтты. Ұсыныстарды педагогтар қолдап, бекітілсін деген пікір білдірді.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша медбике Сансызбай Балнұр сөйлеп, жаңа оку жылына және шектеу шаралары кезіндегі кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысын айтты. Кезекші топтардың жұмысында санитарлық талаптар сақталу үшін әр топта жүргізілген дайындық жұмыстарының қандай дәрежеде орындалып тұрганы туралы анықтама берді. InfoKazakhstan.kz сайтынан жұмыс істеуге рұқсат және «Ашық» коды

алынып, сайтта көрсетілген санитарлық ережелермен қызметкерлер түгел таныстырылып, сол талап бойынша дезинфекциялау және жуу құралдарының, антисептикердің, жеке қолдану құралдарының толық болуы қамтамасыз етілді. Топтардың, асхананың, бөбекжай ғимаратының басқа жұмыс бөлмелерінде дайындық жұмыстары жақсы деңгейде екенін айтты.

Жарыссе зге шыққандар: шаруа менгерушісі Садыходжаева Раушан сөйлеп, маска киу, қашықтық сақтау т.б. карантин талаптары туралы айтты.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаның жинақталуы туралы сөйледі. Балалардың жан –жақты дамып, өсуіне дамытушы ортаның толық жабдықталуының маңызы зор екенін айта келе, бес білім беру саласының, ойын бұрыштарының, кітап бұрышы, ұлттық бұрышы, дамытуши ойыншықтар бұрыштарының толық емесін айттып, жаңалап толықтыруға ұсыныс айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 жылғы №195 бұйрығындағы және 2021 – 2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы және 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытууды дамыту моделінде көрсетілген талаптар орындалсын.
2. 2020 -2021 жаңа оқу жылының жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Бөбекжайдағы топтардың жасына қарай оқу қызметінің кестесі, перспективалық жоспар, өтпелі тақырыптар, күн тәртібі, вариативтік компонент және кезекші топтардың қашықтан ұйымдастылған оқу қызметінің кестесі бекітілсін.
4. Жаңа оқу жылына және шектеу шаралары кезіндегі кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағаланып, санитарлық талаптарды сақтау бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
5. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаны құру дидактикалық материалдармен толықтырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



*Буркитбаева
Тасымбекова*

**Э.Д.Буркитбаева
К.Н.Тасымбекова**

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№2 хаттама

Откізілген орны: "Қарлығаш" бөбекжайы

Откізілген күні: 26.11. 2021 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 17 адам

Қатысқаны: 17 адам.

Қатыспағандар саны: 0 Себепті: 0 Себепсізі: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай менгерушісі Э.Д.Буркитбаева, әдіскер, музика жетекшісі, медбике, шаруа менгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Педкеңестің басталуы: 13.20.

Жұмыстың аяқталуы: 14.40.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Денсаулық сақтау құзыреттілігін дамыту

1. Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп

2. «Денсаулық» білім саласы бұрышының жабдықталуы және таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, үйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы. Байқаудың қорытындысы

3. Тақырыптық бақылау «Дене шынықтыру оқу қызметінің откізілу барысы» Кіші, Ортаңғы, Ересек, Мектепалды даярлық топтарында

4. Шебер сынып. «Дене шынықтыру технологиялары» Абуова А.

5. Психологиялық тренинг. Педагогтар арасында жағымды психологиялық жағдай

Тыңдалды: Педкеңесті бөбекжай менгерушісі Буркитбаева Элмира Дәuletқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

Сөйлемді: Бөбекжайдың әдіскері Тасымбекова Қарлыға

Нахыпбекқызы күн тәртібіндегі бірінші мәселе откен педкеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат беріп, шешімдері орындалғанын айтты.

Сөйлемді: **Күн тәртібіндегі екінші мәселе** бойынша бөбекжай менгерушісі Буркитбаева Элмира Дәuletқызы сөйлеп, «Денсаулық» білім саласы бұрышының жабдықталуы және таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, үйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы бойынша қорытынды жасады. «Денсаулық» білім беру саласының бұрышының барлық топтарда толықтыруды қажет ететінін айттып, бала санына спорттық құрал – жабдықтардың жеткілікті емес екенін айтты. Тәрбиешілердің өздері кейбір құралдарды, жалаушаларды, таяқшаларды, түймелі кедір – бұдырлы кілемшелерді қолдан жасауға болатыны жайлы ұсыныс айтты. Таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, үйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жақсы екенін атап өтті.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Оразымбетова Дидаң сөйлеп, спорттық құрал – жабдықтардың кейбіреулерін қолдан жасау жақсы ой екенін айтып қолдады.

Әдіскер Тасымбекова Қарлығаш спорттық құрал – жабдықтарға, дидактикалық материалдарға аудандық білім бөліміне сұраныс берсек деген ұсыныс айтты. Таңертенгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, үйкі ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жақсы дәрежеде жинақталғанын айтты. Айтылған ұсыныстарды педагогтар түгел қолдады.

Сөйледі: Құн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлығаш Кіші, Ортаңғы, Ересек, Мектепалды даярлық топтарында «Дене шынықтыру оку қызметінің өткізілу барысы» атты тақырыптық бақылаудың қорытындысы туралы айтты. Дене шынықтыру қызметі барлық топтарда аптасына 3 сағат жоспарланғанын, мектепалды даярлық тобында 0,5 сағаты қауіпсіз міnez – құлыш негіздері оку берілген деді. Жоспар, кесте бойынша оку қызметтері өтілуде және балалардың спорттық формалары ата – аналардың көмегімен жинақталған, әр баланың өз қалтасында салынып тұрғанын айтты. Оку қызметтерінің өткізілу тәртібіне бақылау жүргізгенімде тәрбиешілер оку қызметінің құрылымын біледі, тәрбиеші де, балаларда спорттық форма киді, негізгі қимылды үйреткенде қауіпсіздік ережесін сақтап, тәрбиеші көмекшісі екеуі бірге жүргізді деді. Ал кемшілік жиберілген, мыс: форма толық болмай қалған, секіру жаттығуының өлшем мөлшері сақталмай қалған, ескі негізгі қимыл қайталаңбай тұрып, жаңа қимылды үйретуді бастаған тәрбиешілерге сол уақытында ескеरту айтылып, анықтамаға жазылды деді.

Жарыссөзге шыққандар: медбике Ержан Медбике бала денсаулығына дене шынықтыру кезінде салмақ салынбау туралы айтты, оку қызметтеріне жақсы өтіліп жатыр деп өз пікірін білдірді.

Менгеруші Буркитбаева Элмира Даuletқызы дене шынықтыру бойынша тақырыптық бақылау туралы және оку қызметтерінің өтілуіне жақсы деген баға беретінін айтты.

Сөйледі: Құн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша «Дене шынықтыру технологиялары» тақырыбында тәрбиеші Абуова А. шебер сынып өткізіп, дене шынықтыру оку қызметінің технологиялары туралы өз тәжірибесімен бөлісті. Халық педагогикасымен байланыстырып, ұлттық ойындарды қалай өтуге болатыны және оқтаумен қалай жаттығу жасайтыны жайлы педагогтармен жұмыс үргізді.

Сөйледі: Құн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша педагог – психолог Амирбекова Мейргул педагогтар арасында жағымды психологиялық жағдай қалыптастыру мақсатында психологиялық тренинг өткізді. Педагогтар арасында психологиялық ойындар жүргізіп, жұмыс істеу қабілеттерінің жоғарылауына көмектесті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

- 1.Әткен №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жақсы деп бағалансын.
- 2.«Денсаулық» білім беру саласы бұрышының толық жабдықталуы үшін түймелі кедір – бұдырлы жолдар, жалаушалар, таяқшалар жасалынсын және білім бөліміне спорттық құрал – жабдықтарға сұраныс берілсін, таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, үйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жақсы деп бағалансын.
3. «Дене шынықтыру және қауіпсіз мінез - құлық негіздері оқу қызметтерінің барысы атты тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағаланып, кіші топтағы балалардың спорттық формалары толықтырылсын.
4. «Дене шынықтыру технологиялары» тақырыбындағы шебер сыйнапта айтылған мәселелер оқу қызметтерінде қолданылсын.
5. Педагогтармен педагог- психолог жетекшілігімен тренингтер өткізу жалғастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



**Э.Д.Буркитбаева
Тасымбекова Қ.Н.**

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№3 хаттама

Откізілген орны: "Қарлығаш" бөбекжайы

Откізілген күні: 20.01. 2022 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 17 адам

Катысқаны: 17 адам

Катыспағандар саны: 1 Себепті: 1 Себепсізі: жоқ

Катысқандар: Бөбекжай менгерушісі Э.Д.Буркитбаева, әдіскер, музика жетекшісі, медбике, шаруа менгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Педкеңестің басталуы: 13.30.

Жұмыстың аяқталуы: 14.50.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Танымдық, әлеуметтік, шығармашылық, коммуникативтік - тілдік құзыреттілікті дамыту

1. Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп

2. Дөңгелек үстел

Улгілік оқу бағдарламасын оқып үйрену. 2020жылғы 24- қыркүйек

№412 бұйрығы

3. Шебер сынып: «Таным» білім беру саласында жана технологияларды қолдану”

4. Балалардың жарты жылдық білімінің қорытындысы

5. Тренинг. "Стресс Менеджмент"

Регламент: Дөңгелек үстел 40 минут. Жарыссөзге шығу 15 минут.

Шебер сыныпқа 15 минут. Анықтама беру 10 минут. Тренинг 10 минут

Жалпы уақыт: 1 сағат 30 минутта кеңес отырысын аяқтау

Сөйлемді: Педкеңесті бөбекжай менгерушісі Буркитбаева Элмира Дәuletқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

Тыңдалды: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, откен педкеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат беріп, шешімдері орындалғанын айтты.

Сөйлемді: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлыға сөйлеп, 2020жылғы 24- қыркүйектегі №412 бұйрықпен бекітілген «Улгілік оқу бағдарламасын оқып үйрену» тақырыбында бір – бірімізben пікір алmasып, дөңгелек үстел откізілетінін айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиешілер Мырзақұлова Зарафшан, Бегайдарова Айнұр өздері тәрбиешілік қызмет атқаратын кіші «Балбөбек» тобы бүлдіршіндері жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қандай білім - біліктілік дағдыларын менгерулері қажет екенін айттып берді.

Ортаңғы «Балдырган» және «Балапан» тобының тәрбиешілері Суленова Айгүл, Оразымбетова Дидарап сөйлеп, өздері оку қызметтерін өткізетін балалармен ұлгілік оку бағдарламасы бойынша жас ерекшеліктеріне қарай қандай күтілетін нәтижелерге жету керектігі жайлыш ерекшеліктерін атап етті.

Тәрбиешілер Оралбекова Зәуреш, Оспанова Қарлығаш ересек топтары бұлдіршіндеріне ұлгілік оку бағдарламасы бойынша нені менгерту керек екені жайлыш айтты.

Тәрбиешілер Асанбаева Асия, Шерімбетова Фарида мектепалды даярлық тобының ұлгілік оку бағдарламасының міндеттері жайлыш сөйледі.

Дөңгелек үстелді қорытындылай келе жас ерекшеліктеріне сай ұлгілік оку бағдарламасы бойынша бұлдіршіндерге нені менгерту керек екендіктері жайлыш мәлімет алыш, оқып үйренді.

Сөйледі: Құн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Суленова Айгүл «Таным» білім беру саласында жаңа технологияларды қолдану» тақырыбында шебер сынып өткізді. Шебер сыныбында өзінің асфальт бетінде салынған әр түрлі баланың танымдық қабілетін дамытатын суреттерін көрсетіп, тәжірибе алмасты. Бала далада ойнап жүріп әйтпесе кетіп бара жатып, суреттердің үстінен әрі ойнайды, әрі дамиды деді. Мыс: сандардың үстінен секіріп ойнап, санның ретін білетінін және таңбасын танитынын айтты. Педагогтарға осында әр түрлі суреттер бойынша тапсырмалар орындаған, ойындар ойнатып іс жүзінде қалай өткізілетінін көрсетті.

Жарысқозға шыққандар: тәрбиеші Оралбекова Зәуреш сөйлеп, шебер сыныптың маңыздылығы, балаларды жан – жақты дамытудағы пайдасы көп екенін айтты. Асфальт бетіндегі суреттер балаға өте қызықты екенін айттып, баяндамашыға жақсы пікір айтты.

Тәрбиеші Бегайдарова Айнұр сөйлеп, шебер сыныптың өзінің педагогикалық жұмысына көмегін тигізгенін айттып алғыс білдірді.

Менгеруші Буркитбаева Элмира Дәuletқызы сөйлеп, шебер сыныптың балаларды пайдасы көп екенін айта келе, тағы да қандай суретті тапсырмалар қосуға болатынына ұсыныс айтты. Түстері бойынша шарлардың суретін салып, оған математикалық есептер жазып қою, кеңістікті бағдарлауға бағыттар салу сияқты ұсыныстар айтты. Ұсынысты педагогтар қолдады.

Әдіскер Тасымбекова Қарлығаш баяндамада айтылған мәселелер тәрбиешілерге жақсы көмек болғанын айта келе, баяндамашының ізденісіне, баяндаманың құндылығына он баға берді.

Сөйледі: Құн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлығаш сөйлеп, бөбекжайдағы топ бұлдіршіндерінің жарты жылдық білімінің қорытындысын айтты. Бес білім беру саласы бойынша педагогтар бақылау парагын толтырып, білім деңгейлері анықталғанын айтты. Индикаторлар бойынша баға қойылып, ұлгілік оку бағдарламасын менгеруі бойынша жеке даму карталары арналып, жеке жұмыстар жүргізілуде деді. Ұлгілік оку бағдарламасын менгеру пайызы Мектепалды даярлық «Балауса» тобы 70%, Ересектер «Балдырган» тобы 69%, ортаңғы

«Балапан» 68%, Ортаңғы «Балбебек » тобы 68%, кіші «Балдәурен» 67%, Кіші «Гүлдер» тобы 64%, көрсетті деп айтты.

Жарысsezге шыққандар: Менгеруші Буркитбаева Элмира Дәuletқызы сөйлеп, балалардың бағдарламаны менгерту ең маңызды мақсатымыздың бірі екенін айта келе, балалармен жеке, топтық жұмыстарды жоспар бойынша жоғары деңгейде жүргізе беруді тапсырды. Төмен деңгейдегі балалармен пән мұғалімдері, педагог- психолог жеке жұмыстар жүргізіп, деңгейін көтеру керек деді.

Сөйлемді: **Күн тәртібіндегі бесінші мәселе** бойынша педагог- психолог Амирбекова Мейргүл педагогтармен «Стресс Менеджмент» атты тренинг өткізді. Педагогтар арасында психологиялық ойындар жүргізіп, жұмыс істеу қабілеттерінің жоғарылауына көмектесті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Өткен №2 педагогикалық кеңем шешімінің орындалуы жақсы деп бағалансын.
2. 2020жылғы 24- қыркүйектегі № 412 бұйрықпен бекітілген «Улгілік оку бағдарламасын» оқып үйрену жалғастырылсын.
3. «Таным» білім беру саласында жаңа технологияларды қолдану» атты шебер – сыныпта көрсетілген технологиялар оку қызметтерінде қолданылсын.
4. Балалар білімінің жарты жылдық қорытындысы «жақсы» деп бағаланып, төмен деңгейдегі балалармен педагогтардың жетекшілігімен жеке жұмыстар қосымша жүргізілсін.
5. Педагогтармен педагог- психолог жетекшілігімен т ренингтер өткізу жалғастырылсын.

**Педагогикалық кеңес төраїнмыз
Хатшы:**



**Э.Д.Буркитбаева
Қ.Н.Тасымбекова**

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№4 хаттама

Откізілген орны: "Қарлығаш" бөбекжайы

Откізілген күні: 31.03. 2022 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 17 адам

Қатысқаны: 17 адам

Қатыспағандар саны: 1 Себепті: 1 Себепсізі: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай менгерушісі Э.Д.Буркитбаева, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа менгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Педкеңестің басталуы: 13.20.

Жұмыстың аяқталуы: 14.50.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Әлеуметтік, шығармашылық, құзыреттілікті дамыту

1. Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп

2. Дөңгелек үстел

Үлгілік оқу бағдарламасын оқып үйрену. 2020жылғы 24- қыркүйек

№412 бүйрығы

3. Шығармашылық тақырып: Түрлі түсті құрттар әдістемесін оқу қызметтеріне қолдану

4. Оқу - тәрбие жұмыстарының өткізулу барысы туралы

5. Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы

Регламент: Дөңгелек үстел 20 минут. Жарысқөзге шығу 15 минут.

Шебер сыныпқа 15 минут. Анықтама беру 10 минут. Тренинг 10 минут

Жалпы уақыт: 1 сағат 10 минутта кеңес отырысын аяқтау

Сөйлемді: Педкеңесті бөбекжай менгерушісі Буркитбаева Элмира Дәулетқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

Тыңдалды: **күн тәртібіндегі бірінші мәселе** бойынша бөбекжайдың әдіскері Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, откен педкеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат беріп, шешімдері орындалғанын айтты.

Сөйлемді: **Күн тәртібіндегі екінші мәселе** бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлыға сөйлеп, 2020жылғы 24- қыркүйектегі №412 бүйрықпен бекітілген «Үлгілік оқу бағдарламасын оқып үйрену» тақырыбында бір – бірімізben пікір алmasып, дөңгелек үстел өткізілетінін айтты.

Жарысқөзге шыққандар: тәрбиешілер Мырзакұлова Зарафшан, Бегайдарова Айнұр өздері тәрбиешілік қызмет атқаратын кіші «Балбөбек» тобы бүлдіршіндері жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қандай білім - біліктілік дағдыларын менгеруларі қажет екенін айттып берді.

Ортаңғы «Балдырған» және «Балапан» тобының тәрбиешілері Суленова Айгүл, Оразымбетова Дидаң сөйлем, өздері оқу қызметтерін өткізетін балалармен ұлгілік оқу бағдарламасы бойынша жас ерекшеліктеріне қарай қандай күтілетін нәтижелерге жету керектігі жайлыш ерекшеліктерін атап өтті.

Тәрбиешілер Оралбекова Зәуреш, Оспанова Қарлығаш ересек топтары бұлдіршіндеріне ұлгілік оқу бағдарламасы бойынша нені менгерту керек екені жайлыш айтты.

Тәрбиешілер Асанбаева Асия, Шерімбетова Фарида мектепалды даярлық тобының ұлгілік оқу бағдарламасының міндеттерін жайлыш сөйлемеді.

Дөңгелек үстелді қорытындылай келе жас ерекшеліктеріне сай ұлгілік оқу бағдарламасы бойынша бұлдіршіндерге нені менгерту керек екендіктері жайлыш мәлімет алыш, оқып үйренді.

Сөйлемді: **Күн тәртібіндегі үшінші мәселе** бойынша бөбекжай тәрбиеші Шерімбетова Фарида «Түрлі түсті құрттар» әдістемесін оқу қызметтеріне қолдану атты шығармашылық тақырыбы бойынша шебер сынып өтті. Қазақ халқының сүттен жасалған ұлттық тағамының бірі құртты түрлі түсті етіп бояп, балалардың қабылдау, ойлау қабілеттерін, зейінін дамытуға болатынын айтты. Математика негіздері оқу қызметінде санауга, түстерін ажыратып үйретсек, мұсіндеуде қол моторикасын дамытамыз деді. Сонымен қатар балалардың ұлттық тағамдарға деген қызығушылығын оятатынын айттып, түрлі – түсті құрттардың жасалу жолдарын педагогтарға көрсетті.

Жарысқосынға шыққандар: тәрбиеші Мырзакұлова Зарапшан шығармашылық тақырыбының құрттарды түрлі түске боялуы балалардың қызығушылығын оятататынын айттып, оқу қызметтеріне қолдансақ деген ойын айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады. Әдіскер Тасымбекова Қарлығаш шебер сыныпта айтты. Мәселелер тәрбиешілерге жақсы көмек болғанын айта келе, тәрбиешінің ізденісіне он баға берді.

Сөйлемді: **Күн тәртібіндегі төртінші мәселе** оқу - тәрбие жұмыстарының өткізули барысы туралы бөбекжайдың әдіскері Тасымбекова Қарлыға Нахынбекқызы сөйлемеді. Ұйымдастырылған оқу қызметтері мен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетін айта келе, күнделікті оқу қызметтерінің өткізуін бақылат жүргенін айтты. Оқу қызметтері оқу қызметтерінің кестесіне сай барлық топта өткізуінде. Алайда кейбір тәрбиешілердің оқу қызметіне дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескерту айттылады деп, оқу қызметтерінің өткізули барысы туралы айтты.

Сөйлемді: **Күн тәртібіндегі бесінші мәселе** бойынша менгеруші Буркитбаева Элмира Дәuletқызы сөйлем, дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы туралы айтты. Дидактикалық ойындар жиынтығының картотекасын әр топ

тәрбиешілері жас ерекшеліктеріне сай дайындағанын және ойын шарттары нөмірленіп, қолданылатын құрал – жабдықтары папкаларға салынып ұқыптылықпен дайындалғанын айтты. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жүргілетін оқу- тәрбие жұмыстарында ойын әдісінің маңыздылығын айта келе, картотекаларға оң баға берді. Кейбір ойын құралдарының толық еместігіне толықтыруға ұсыныс айтты.

Жарыссе зге шыққандар: әдіскер Тасымбекова Қарлығаш сөйлеп, көрмеге қойылған дидактикалық ойындарға жақсы деген баға беріп, әлі де толықтыруды және жаңаша ойындар қосуды айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Отken №3 педагогикалық кеңем шешімінің орындалуы жақсы деп бағалансын.
2. 2020жылғы 24- қыркүйектегі № 412 бүйрекпен бекітілген «Ұлгілік оқу бағдарламасын» оқып үйрену жалғастырылсын.
3. «Түрлі түсті құрттар әдістемесі» оқу қызметтеріне қолданылсын.
4. Оқу - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы жақсы деп бағалансын.
5. Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



Э.Д.Буркитбаева
Қ.Н.Тасымбекова

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№5 хаттама

Өткізілген орны: "Қарлығаш" бөбекжайы

Өткізілген күні: 31.05. 2022 жыл.

Педкесес мүшелерінің барлығы: 17 адам

Қатысқаны: 16 адам

Қатыспағандар саны: 1 Себепті: 1 Себепсізі: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай менгерушісі Э.Д.Буркитбаева, әдіскер, музика жетекшісі, медбике, шаруа менгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Педкесестің басталуы: 13.20.

Жұмыстың аяқталуы: 14.50.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1.Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп

2.2021 - 2022 оку жылының қорытындысы

3. Бес білім беру саласы бойынша балалардың негізгі құзіреттілігін қамтамасыз ету, мониторинг қорытындысы

4.Педагогтардың біліктілік санатына өтініштерін қабылдау

5.Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын талдау, бекіту

Сойлемді: Педагогикалық кеңесті бөбекжай менгерушісі Буркитбаева Элмира Дәuletқызы ашып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстыруды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы сөйлеп, қорытындылады.

Бөбекжайда оқыту және тәрбиелеу жұмыстары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы бойынша жүргізіліп жатқанын айттып өтті.

Тындалды : күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскери Тасымбекова Қарлыға сөйлеп, 2021-2022 оку жылында жүргізілген оку - тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы айтты. Оку жылында педагог кадрлармен, балалармен жүргізілген жұмыстар жылдық жұмыс жоспары бойынша толық өткізілді. Педагогикалық кеңестер, менгеруші жанындағы кеңес, өндірістік жиналыш, жалпы ата – аналар жиналыштары өткізіліп, күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, талқыланды. Оку жылына алынған мақсаттар мен міндеттер бойынша педагогтар :баяндамалар, кеңестер оқып, тренингтер жүргізіп, ашық оку қызметтерін, қорытынды оку қызметтерін, ертеңгіліктер, ойын-сауықтар өткізіп жоспарға сай жұмыстар жүргізгенін айттып өтті. Облыстық адами әлеуетті дамыту бөлімінің жоспары бойынша өткізілген тәжірибелік семинар жоғары дәрежеде өткізілді деп бағаланғаны туралы айтты. Кунделікті оку қызметтері өткізіліп, индикаторлары жасалынғанын және тәрбиешілер мен балалар қ өткізілген байқауларға, жетістіктерге жеткені жайлы қорытындылады.

Жарыссе зге шыққандар: бөбекжай менгерушісі Буркитбаева Элмира Дәuletқызы сөйлеп, биылғы 2021-2022 оку жылындағы атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға беріп, педагогтарға шығармашылық ізденіс пен табыс тіледі.

Сөйледі : күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Тасымбекова Қарлыға сөйлеп, бес білім беру саласы бойынша балалардың құзыреттілігін қамтамасыз ету, қорытынды мониторинг нәтижесі туралы сөйледі. Балабақшаға кезекші топқа келіп жүрген және онлайн қашықтан білім алған жүрген балалардың білімдері де бағаланғанын айтты.

Балалардың білімі, күнделікті оқу қызметтерінің өткізіліп отыруына, және талапқа сай жүргізуіне байланысты жақсы көрсеткіштер көрсеткенін айта келе, қабілетті тәмен балалармен жеке жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Кіші «Гүлдер» тобында - I деңгей -8 бала /40% , II-деңгей -8 бала/40 % , III деңгей -4 бала /20 %, Кіші «Балдәурен» тобында - I деңгей -8 бала /40% , II-деңгей -8 бала/40 % , III деңгей -4 бала /20 %, Ортаңғы «Балапан» тобында - I -деңгей 8 бала/30,8%, II-деңгей 11бала/42,3 % , III-деңгей 7 бала/26,9 % , Ересек «Балдырған» тобында- I-деңгей -7бала/25 % , II-деңгей 13бала/46,4 %, III-деңгей 8бала/28,6 %, Ортаңғы «Балбек » тобында- I-деңгей -7бала/25 % , II-деңгей 13бала/46,4 %, III-деңгей 8бала/28,6 %, Мектепалды даярлық «Балауса» тобында - I-деңгей – 5бала/19,2%, II деңгей 11бала/42,4 %, III-деңгей 10бала/38,4 % білім деңгейлерінін құрағанын айтты.

Сөйледі : күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша менгеруші Буркитбаева Элмира Дәuletқызы сөйлеп, педагогтардың біліктілік санатына өтініш беруі туралы сөйледі. Біліктілік санатына мерзімі жеткен тәрбиешілер бірінші электронды портфолиога құжаттар жүктеу керектігін, екінші турында тест тапсыруға баратыны жайлышты айтты.

Сөйледі : күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлыға сөйлеп, жаз мезгілінің күн тәртібімен, оқу қызметтерінің кестесі және ойын-сауық жоспарымен таныстырыды. Педагогтар жаз мезгілінің сауықтыру іс-шараларының жоспарымен танысып, өз ойларымен бөлісті. Жаз мезгілінің жұмыс жоспары бекітілсін деген ұсынысты түгел қолдады.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімінін орындалуы «жақсы» деп бағалансын.
- 2 .2021- 2022 оқу жылында жүргізілген жұмыстар «жақсы» деп бағаланып, келесі жаңа оқу жылының міндеттері оқу жылының қорытындысы бойынша алғынсын.
3. Бес білім беру саласы бойынша балалардың білімінің қорытындысы «жақсы» деп бағаланып, оқу тәрбие жұмыстары жалғастырылсын.
4. Педагогтардың біліктілік санатына өтініштер беру үшін, электронды портфолиога тіркеліп, құжаттары жүктелінсін.
5. Жазғы мезгілінің күн тәртібі, оқу қызметтерінің кестесі, ойын-сауық жоспарлары бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



**Э.Д.Буркитбаева
Қ.Н.Тасымбекова**